

**«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің 2020 жылғы
I-жартыжылдығындағы газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды
тасымалдау қызметіне арналған тарифтік сметаны орындау туралы Есебі
27.07.2020ж.**

1) Жалпы ақпарат:

«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-гі 24.02.2017 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы О бойынша департаментінің (бұдан әрі-Департамент) №54-НҚ бұйрығымен тауарлық газды газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау қызметі бойынша табиғи монополия субъектілерінің Мемлекеттік тіркелімнің жергілікті бөліміне табиғи монополия субъектісі ретінде тіркелген.

Қызмет көрсету аумағы: Шымкент қаласы, Ордабасы индустриалды аймақтың аумағы.

«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-гі (бұдан әрі –Компания) газ тасымалдау қызметін «Ордабасы» индустриалды аймағының аумағындағы 46 өндірістік кәсіпорынға - заңды тұлғаларға көрсетеді.

Қолданыстағы тауарлық газды газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау қызметінің тарифі Шымкент қаласы бойынша Департаментінің 2019 жылғы 18 маусымдағы №68-НҚ бұйрығымен бірыңғай тарифтің шекті деңгейі 2019-2023 жылдарға (5 жылға) бекітілген, 01 тамыз 2019 жылдан бастап қолданысқа енгізілген, мөлшері 3069,98 теңге/1000 м³ ҚҚС-сыз, ҚҚС-мен 3438,38 теңге/1000 м³.

Компанияның теңгерімінде ұзындығы 10,587 км газ тарату желілері, ГРП (газды реттегіш пункттары) -14 бірлік, ШТП (шкаф тарату пункттары) - 32 бірлік, есептеу қондырылары - 100%.

2) Бекітілген инвестициялық бағдарламаны орындау туралы:

ОҚО бойынша Департаментінің 2018 жылғы 24 тамыздағы «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің 2018-2022 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасын бекіту туралы» №219-НҚ бұйрығымен инвестициялық бағдарлама бекітілген, жоғарыда аталған бұйрықтың 4-тармағына сәйкес «Осы бұйрық шекті тариф енгізілген күннен бастап күшіне енеді» деп көрсетілген, тарифтің шекті деңгейі Шымкент қаласы бойынша Департаменттің 2019 жылғы 18 маусымдағы №68-НҚ бұйрығымен «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің тауарлық газды газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау қызметіне 2019-2023 жылдарға бекітіліп, қолданысқа 2019 жылдың 1 тамызынан бастап енгізілген.

«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-не тауарлық газды газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау қызметі бойынша 2020 жылға инвестициялық бағдарлама 14096,0 мың теңге көлемінде бекітілген (*жылдық көрсеткіштер, тоқсанға инвест. бағдарлама бекітілмеген*), оның ішінде 630,0 мың теңге бекітілген тарифтік сметадағы амортизация есебінен көзделген, пайда тарифтік сметада қарастырылмаған, 13446,0 мың теңге «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің реттелмейтін өзге қызмет қаражаты есебінен жасалынуы жоспарланған.

«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің аумағындағы ГТЖ-4-ден (газ тарату желілері) бастап ұзындығы 600м жоғары қысымды газ құбырларын қайта жаңарту жоспарланған.

2020 жылдың 1 жартыжылдығында нақты орындалған инвестициялық іс-шаралар 6902,187 мың теңгені құрады, оның ішінде 940,42 мың теңге, тарифтік сметада қарастырылған амортизация есебінен жасалынды, 5961,767 мың теңге «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің реттелмейтін өзге қызмет қаражаты

есебінен жасалды. Аталған сомаға ұзындығы 570м жоғары қысымды газ құбырлары қайта жаңартылды.

3) «Ордабасы» индустриалдық аймақ» ЖШС-нің газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау қызметіне бекіткен тарифтік сметаның бабтары бойынша 2020 жылғы I-жартыжылдығындағы орындалуы:

р/с №	Тарифтік сметадағы көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметаның көрсеткіштері №68-НҚ бұйрығы 18.06.2019ж. 01.08.2019жылдан 01.08.2020жылға дейін бір жылға	Тарифтік сметаның нақты көрсеткіштері 2020 жылдың 1-жартыжылдығы	Ауытқу (+,-) мың теңге	Ауытқу %	Ауытқу себептері
1	2	3	6	5	6	7	8
I	Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы:	мың теңге	12234,40	6 866,22	-5368,2	-43,9	Тарифтік сметадағы көрсеткіштер 1 жылға қарастырылған, орындалуы 2020 жылғы I-жартыжылдыққа
I	Материалдық шығындар барлығы	мың теңге	1697,76	1 391,42	-306,3	-18,0	2020 жылғы I-жартыжылдықтың нақты көрсеткіштер
1,1	Материалдар	мың теңге	1304,53	1 082,67	-221,9	-17,0	2020 жылғы I-жартыжылдықтың нақты көрсеткіштер
1,2	Электроэнергия	мың теңге	393,23	308,75	-84,5	-21,5	2020 жылғы I-жартыжылдықтың нақты көрсеткіштер
2	Амортизация (негізгі қорлардың тозу шығындары)	мың теңге	627,00	940,15	313,2	49,9	Негізгі құралдардың нормаларына сәйкес есептелген нақты амортизация
4	Өндірістік персоналдың еңбек ақы шығындары, барлығы, оның ішінде:	мың теңге	9909,64	4 534,65	-5375,0	-54,2	Коронавирустық пандемияға төтенше жағдай енгізілуіне байланысты, қызметкерлер ақы төленбейтін демалысқа жіберіліп, ТЖК 42,5 мың теңге төленді
4,1	-жалақы	мың теңге	9004,67	4 272,24	-4732,4	-52,6	
4,2	-әлеуметтік шығындар	мың теңге	769,90	212,22	-557,7	-72,4	Коронавирустық пандемияға төтенше жағдай енгізілуіне байланысты, норм.-құқықтық актілер өзгерді
4,3	Медициналық сақтандыру (МӘМС)	мың теңге	135,07	50,20	-84,9	-62,8	Коронавирустық пандемияға төтенше жағдай енгізілуіне байланысты, норм.-құқықтық актілер өзгерді
II	Кезең шығыстары барлығы, оның ішінде:	мың теңге	10503,27	7 679,53	-2823,7	-26,9	
5	Жалпы және әкімшілік шығыстар барлығы, оның ішінде:	мың теңге	10503,27	7 679,53	-2823,7	-26,9	2020 жылғы I-жартыжылдықтың нақты көрсеткіштер

5,1	Әкімшілік персоналдың жалақысы	мың теңге	2844,45	3 054,54	210,1	7,4	2020 жылғы I-жартыжылдықтың нақты көрсеткіштер
5,2	Әлеуметтік шығындар	мың теңге	243,20	143,01	-100,2	-41,2	2020 жылғы I-жартыжылдықтың нақты көрсеткіштер
5,3	Медициналық сақтандыру (МӘМС)	мың теңге	42,67	26,58	-16,1	-37,7	2020 жылғы I-жартыжылдықтың нақты көрсеткіштер
5,4	Коммуналдық қызмет	мың теңге	520,25	210,54	-309,7	-59,5	2020 жылғы I-жартыжылдықтың нақты көрсеткіштер
5,5	Байланыс қызметі	мың теңге	86,63	59,72	-26,9	-31,1	2020 жылғы I-жартыжылдықтың нақты көрсеткіштер
5,6	Енбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	мың теңге	189,23	185,13	-4,1	-2,2	2020 жылғы I-жартыжылдықтың нақты көрсеткіштер
5,7	Іс-сапар шығындары	мың теңге	282,94	3,87	-279,1	-98,6	Коронавирустық пандемияға төтенше жағдай енгізілуіне байланысты, әуе және темір жолдар қатынасы жабылған
5,8	Салықтар	мың теңге	1272,33	841,46	-430,9	-33,9	Салық органына ұсынылған есептерге және декларацияларға сәйкес
5,9	Техникалық қызмет көрсету компьютер. техникаға, бағдарламалық қамтамасыз ету және материалдар	мың теңге	113,90	87,37	-26,5	-23,3	Өндірістік қажеттілікке байланысты, нақты қалыптасқан шығындар
5,10	Өнеркәсіптік қауіпсіздігі мәселелері бойынша оқыту	мың теңге	19,28	12,98	-6,3	-32,7	Газ тасымалдау қызметкерлері (қауіпті өндірістік объект) өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша жыл сайын міндетті оқыды
5,11	Жазатайым жағдайлардан қызметкерлерді міндетті сақтандыру шығындары	мың теңге	57,85	23,57	-34,3	-59,3	Келісім-шарттарға сәйкес, нақты қалыптасқан көрсеткіштер
5,12	Медициналық байқау және дәрі-дәрмектер	мың теңге	29,40	10,08	-19,3	-65,7	Нақты қалыптасқан көрсеткіштер
5,13	Басқа шығындар, барлығы, оның ішінде:	мың теңге	695,99	717,20	21,2	3,0	Өндірістік қажеттілікке байланысты, тауарлар мен қызметтерге баға көтерілуіне байланысты
5,13	Шаруашылық тауарлар	мың теңге	36,63	18,15	-18,5	-50,5	Нақты қалыптасқан шығындар
5,13	Кеңселік тауарлар	мың теңге	36,20	20,90	-15,3	-42,3	Нақты қалыптасқан шығындар
5,13	Банк қызметі	мың теңге	72,54	20,31	-52,2	-72,0	Нақты қалыптасқан шығындар
5,13	ІС бағдарламасы	мың теңге	36,05	7,75	-28,3	-78,5	Нақты қалыптасқан шығындар
5,13	Қоршаған ортаны қорғау және ауыз су шығындары	мың теңге		67,11	67,1		Нақты қалыптасқан шығындар
5,13	Автокөлікті жалға алу	мың теңге		270,32	270,3		Өндірістік қажеттілікке байланысты, нақты қалыптасқан шығындар

5,13	Күзет шығындары	мың теңге	514,57	312,66	-201,9	-39,2	Өндірістік қажеттілікке байланысты, нақты қалыптасқан шығындар, жалпы күзет шығындарынан 1,05%
5,14	Хабарландыру және есептерді БАҚ басып шығару	мың теңге	146,40	105,80	-40,6	-27,7	Баға көтерілуіне байланысты
5,15	Газ жүйелеріне техникалық қызмет көрсету	мың теңге	3958,75	2 197,67	-1761,1	-44,5	Бекітілген келісім-шартқа сәйкес
III	Ысыраптарды өтеуге арналған шығындар	мың теңге	61956,47	32 464,83	-29491,6	-47,6	2020 жылғы I-жартыжылдықтың нақты көрсеткіштер
IV	Барлық шығындар	мың теңге	84694,13	47 010,58	-37683,6	-44,5	2020 жылғы I-жартыжылдықтың нақты көрсеткіштер
V	Пайда/зиян	мың теңге	0	-6 859,32			Коронавирустық пандемияға төтенше жағдай енгізілуіне байланысты, көрсетілетін қызмет көлемі төмендеп, табыс толығымен алынбады
VI	Барлық табыстар	мың теңге	84694,13	40 151,26	-44542,9	-52,6	2020 жылғы I-жартыжылдықтың нақты көрсеткіштер
VII	Жалпы көлемі	мың м3	30212,57	14 414,82	-15797,8	-52,3	2020 жылғы I-жартыжылдықтың нақты көрсеткіштер
	Өз қажеттілігіне керекті газ	мың м3	75,00	33,25	-41,8	-55,7	2020 жылғы I-жартыжылдықтың нақты көрсеткіштер
	Нормативтік техникалық ысыраптар	мың м3	2486,50	1 302,91	-1183,6	-47,6	2020 жылғы I-жартыжылдықтың нақты көрсеткіштер
		%	8,23	9,04	0,81	9,8	2020 жылғы I-жартыжылдықтың нақты көрсеткіштер
	Көрсетілетін қызмет көлемі	мың м3	27651,07	13 078,66	-14572,4	-52,7	2020 жылғы I-жартыжылдықтың нақты көрсеткіштер
	Тариф (бірыңғай 5 жылға) ҚҚС-сыз	теңге/1000м3	3069,98	3 069,98	0	0	
XI	Тариф өзіндік құны ҚҚС-сыз	теңге/1000м3	3069,98	3 594,45	524,5	17,1	Коронавирустық пандемияға төтенше жағдай енгізілуіне байланысты, көрсетілетін қызмет көлемі төмендеп, табыс толығымен алынбады
	Орташа тізімдік саны, барлығы:	адам	12	12	0	0	
	Өндірістік персонал	адам	9	9	0	0	
	Әкімшілік персонал	адам	3	3	0	0	
	Бірайлық орташа айлық жалақы, барлығы:	теңге	82286,0	101 760,80	19474,8	23,7	Нақты төленген айлық жалақы
	Өндірістік персонал	теңге	83377,0	79 115,54	-4261,5	-5,1	Коронавирустық пандемияға төтенше жағдай енгізілуіне байланысты, қызметкерлер ақы төленбейтін демалысқа жіберіліп, ТЖК 42,5 мың теңге төленді
	Әкімшілік персонал	теңге	79013,0	169 696,60	90683,6	114,8	Нақты төленген айлық жалақы

«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің 2020 жылғы I-жартыжылдығының газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау

қызметіне арналған тарифтік сметасының орындалу есебі бойынша Компания 6859,32 мың теңге зиянға ұшырады, коронавирустық пандемияға төтенше жағдай енгізілуіне байланысты, көрсетілетін қызмет көлемі төмендеп, табыс толығымен алынбады.

4), 5) тармақшалары бойынша қызметтің сапа және сенімділік, тиімділік көрсеткіштері 2020 жылғы I-жарты жылдығына бекітілмеген, ереже тамыз айында шығуына байланысты, ал тариф 2019 жылдың маусым айында бекітілген.

Компания табиғи газды «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-нан алады, оның сапасын олар кепілдігімен қамтамасыз етеді. Компания тұтынушыларды газбен үздіксіз қамтамасыз етеді, тұтынушылар тарапынан ешқандай шағымдар болған жоқ.

б) Реттеліп көрсетілетін тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау қызметінің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері:

- Газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау қызметінің барлық шығындары 2020 жылғы I-жарты жылдығында 47010,58 мың теңгені құрады, бұл бекіткен тарифтік сметадан 44,5% төмен, тарифтік сметада қарастырылған көрсеткіштер 1 жылға, есеп 2020 жылғы 1-жартыжылдыққа, барлық табыстар 40151,26 мың теңгені құрады, бұл -52,6% төмен. Аталған реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша Компания 6859,32 мың теңге зиянға ұшырады, коронавирустық пандемияға төтенше жағдай енгізілуіне байланысты, көрсетілетін қызмет көлемі төмендеп, табыс толығымен алынбады.

7) Реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы:

2020 жылғы I-жартыжылдығында газдың жалпы көлемі 14414,82 мың м³ құрады, бекітілген тарифте 30212,57 мың м³, 52,3%-ға төмендеген, сатылым көлемі 13078,66 мың м³, бекітілген тарифте 27651,07 мың м³, 52,7% төмен, тарифтік сметадағы көрсеткіштер 1 жылға қарастырылған, есеп 2020 жылдың 1-жартыжылдығына болуына байланысты, нормативтік-техникалық ысыраптардың абсолюттік көрсеткіштері 1302,91 мың м³ құрады, 47,6% төмен, пайыз көрсеткіштері 8,23%-дан 9,04% -ға көтерілген немесе 0,81%-ға.

8) Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы:

Тұтынушылар үшін есептеу құралдарының алдында тұрған сүзгілері тазаланады, ал тұтынушылар ШТП, ГРУ, есептеу құралдарын сатып алған кезде, жинау және орнату жұмыстары Компания есебінен жүзеге асырылады, қажет болған жағдайда тұтынушыларға жаңа газ таратушы желілер өткізіледі, ал газ қысымы төмендеген кезде, Компания жұмысшылары газдың қысымын реттейді.

9). Қызмет перспективалары (даму жоспарлары), оның ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтердің өзгеру мүмкіндігі туралы.

Компания 2019-2023 жылдарға газ реттеуші станция ГРС-4-тен 3430 метр жоғары қысымды газ құбырын қайта жаңарту және жаңғырту мақсатында инвестициялық бағдарлама бекітті. 2019-2023 жылдарға қарастырылған жалпы қаражат 76441,0 мың теңге, оның ішінде Компания есебінен 73251,0 мың теңге, тарифтегі амортизация есебінен 3190,0 мың теңгеге, 2020 жылға қарастырылған қаражат 14096,0 мың теңге, оның ішінде Компания есебінен 13466,0 мың теңге, тарифтегі амортизация есебінен 630,0 мың теңгеге, бұл 600 м жоғары қысымды газ құбырын қайта жаңарту және жаңғырту мақсатына жұмсалады.

Департаменттің 2019 жылғы 18 маусымдағы №68-НҚ бұйрығы негізінде «Ордабасы» индустриалдық аймақ» ЖШС-не 2019-2024 жылдарға 5 жылға бірыңғай тарифтің шекті деңгейі 3069,98 теңге/мың м³ ҚҚС-сыз, 3438,38 теңге/мың м³ ҚҚС-мен көлемінде бекітілген, қолданыста болу мерзімі 2019 жылғы 1 тамызынан бастап 2024 жылғы 1 тамызына дейін. Осы тарифтің қолданылу мерзімінде, 2019 жылғы тарифтік сметаның орындалу есебінің нәтижелері бойынша Шымкент қаласы Департаментінің 2020 жылғы 15 шілдедегі №66-НҚ бұйрығымен газды тасымалдау қызметіне өтемдік

тариф енгізді, мөлшері 3067,13 теңге/1000м3 ҚҚС-сыз, 3435,19 теңге/1000м3, ҚҚС-мен, 0,09%-ға төмендетілді, қолданылу мерзімі 2020 жылғы 1 тамызынан бастап 2021 жылғы 31 шілдесіне дейін.